

## Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қазандағы N 1501 қаулысы

Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» жабық акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі № 492 қаулысына сәйкес және ақпараттандыру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.06.2016 № 353 қаулысымен.**

1. Әкімшілердің мемлекеттік органдарды ақпараттандыру жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды іске асыруы, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен ақпараттық жүйелердің аппараттық және бағдарламалық қамтылымын өзге түрде сатып алуы кезінде осындай сатып алудың міндетті шарты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен келісу болып табылады деп белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.06.2016 № 353 қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - "Ұлттық ақпараттық технологиялар" ЖАҚ) оған - "БанкНет" банкаралық және қаржылық телекоммуникациялар орталығы" жабық акционерлік қоғамын қосу арқылы қайта ұйымдастыру туралы ұсынысы қабылдансын.

3. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.02.09 N 195 Қаулысымен.**

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 мамырдағы N 659 қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктер мен өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестердің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі" бөлімінде реттік нөмірі 216-жол алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 18, 188-құжат):

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші, төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"Қоғам мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру және олардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті ұйым болып табылатыны белгіленсін;"

"оның құрамына Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің (төраға), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (келісім бойынша) өкілдерін енгізе отырып, Қоғамның Директорлар кеңесін құруды қамтамасыз етсін;

Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру жөніндегі ақпараттық жүйелерді аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу ережесін әзірлесін және бекітсін;"

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне "Ұлттық ақпараттық технологиялар" ЖАҚ-ның жарғылық қорын қалыптастыру үшін 72 500 (жетпіс екі мың бес жүз) теңге бөлсін;

2) 2001 жылға арналған республикалық бюджетті іске асыру туралы қаулының жобасын әзірлеу кезінде мемлекеттік органдарды ақпараттандыру жөніндегі бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі болып табылатынын көздесін."

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша, осы қаулыдан туындайтын өзге де іс-шараларды жүзеге асырсын.

6. "Мемлекеттік қаржы жүйесінің ақпараттық-телекоммуникациялық қызмет көрсету орталығы жабық акционерлік қоғамын құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 шілдедегі N 956 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК